

**№18 М.Сатыбалдиев атындағы жалпы орта білім беретін мектептің
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген уақыты: 25.01.2018ж.

Қатысқандар:

1. Жаймуханова Ұ.Ш - мектеп директоры;
2. Сартаева Г.А - оқу ісі меңгерушісі;
3. Досжанова А.Б - мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары;
4. Ғазимова Э - мектеп психологы;
5. Саресенова А.Т - әлеуметтік педагог;
6. Кулекешова Айгуль -қамқоршылық кеңестің төрағасы;
7. Асабаева Гүлсім -кеңес мүшесі;
8. Дарментаева Раушан -кеңес мүшесі;
9. Садықова Жанар -кеңес мүшесі;
10. Сейдалиева Акнұр -кеңес мүшесі;
11. Абуов Ералы -кеңес мүшесі;
12. Сағынова Мейрамгул - кеңес мүшесі;
13. Батырова Жанар -кеңес мүшесі;
14. Тажикбаева Жанат - кеңес мүшесі.

Қатыспағандар - 0

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2017-2018 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған жұмыстар – баяндамашы Жаймуханова Ұ.Ш
2. «Мектепке жол» акциясының орындалысы,әлеуметтік осал топ балаларына көрсетілген көмектер - баяндамашы Саресенова А.Т
3. Мектепте бір мезгіл берілетін «Ыстық тамақтың» берілу жайы туралы

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорына сөз берілді.

Мектеп директоры Жаймуханова Ұ.Ш - 2017-2018 оқу жылында кешенді атқарылған оқу - тәрбие үрдісімен отырысқа қатысушыларды таныстырды. Мектептің оқыту үрдісін ұйымдастыруда жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызындағы № 1080 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі және орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жұмыс жүргізілетінін атап өтті. Осы тұрғыда I жартыжылдық бойынша мектепте атқарылған оқу-тәрбие, мәдени бағыттағы жетістіктермен таныстырып, сапа көрсеткіштеріне тоқталды.

Мектеп директоры Ұ.Ш.Жаймуханова отырысқа қатысушылардың барлығын бірлесе отырып жүйелі жұмыс жасауға шақырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог-Саресенова А.Т:

2017-2018 оқу жылының басында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайлары анықталды. Мектептің әлеуметтік жағдайы: толық жетім-4,көп балалы отбасынан-430, жартылай жетім-92, бір ата-ана тәрбиесінде-42,аз қамтылған отбасынан - 278 бала бар.

Сондай-ақ, биылғы оқу жылының ішінде дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясында жоспарланған жұмыстар атқарылып,барлығы 81 оқушыға – 990,870 теңгеге көмек көрсетілді.Атап айтар болсақ, мектеп бюджетінен 16 оқушыға 180000 тг, Нұр Отан 30 оқушыға 450000тг мектеп оқу құралдарымен, мектеп формасымен, «МН

Күзет» мекемесі 5оқушыға 100000тг, жеке кәсіпкер Насырова Асия 10 оқушыға 250000тг, жеке кәсіпкер Сұлтанова 20 оқушы 350000 тг мектеп формасы, спорттық киім, оқу құралдары мен мектеп сөмкесі және аяқ киімдермен көмек көрсетті. Акцияның өтілуі жайлы ақпарат газетке ұсынылды.

Сонымен қатар, 10қаңтар-10ақпан аралығында «Қамқорлық» акциясының жоспары жасақталып, жұмыс жүргізілуде. Жоспар бойынша оқушылардың күнделікті сабаққа қатысы қадағаланып, рейд ұйымдастырылып, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларының тізімі жасақталды. Акция барысында жеке кәсіпкер Ы.Досова, жеке кәсіпкер Н.Сұлтанова әлеуметтік аз қамтылған 14 оқушыны 134000 теңгеге қыстық курткамен қамтамасыз етті. Акция жоспарына сай шаралар ұйымдастырылып, әлі де жалғасуда.

3-мәселе бойынша:

Мектептің әлеуметтік педагогы А.Т.Саресенова : Қазіргі уақытта мектеп жанынан берілетін бір мезгіл ыстық тамақпен мектептегі 1-4 сыныптар мен осал топтан шыққан отбасы балалары, яғни жалпы саны - 1084 оқушы қамтылып отыр. Оның ішінде бастауыш сыныптарында оқитын 348 оқушы түгел қамтылса, ал 5-11 сыныптар бойынша 24 оқушы мектеп жанынан берілетін бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Ас мәзірі талапқа сай мектеп директорымен, асхана ұйымдастырушысымен, аспаз және медбикемен бекітілген.

Сөйлеушілер:

Кулекешова Айгуль - қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Бүгінгі күн тәртібіндегі екінші, үшінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы баяндама жасады. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсетілгені, мектеп жанынан ыстық тамақпен қамтылғаны құптарлық жағдай, өз басым балалардың таршылық көрмей өскенін қалаймын, қолымнан келгенше көмектесіп тұрамын. Алдағы уақытта да көп болып жан жадыратар жақсылықтың куәсі болып, ізгі істерді жалғастыра берейік.

2017-2018 оқу жылында да қамқоршылық кеңес қызметінің және оның сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы ережесін басшылыққа ала отырып, кеңес мүшелері өз жұмыстарын одан әрі жалғастыратыны айтылды.

Ұсыныс:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес мектебімізде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен, ата-аналармен біріге отырып оқушылардың сабағына қатысу жұмыстары қолға алынсын.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен оқушылардың сабаққа қатысу үнемі қадағаланып, әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларға көмектер ұйымдастырылсын.



Жиналыс төрайымы:

А. Кулекешова

Жиналыс хатшысы:

А.Т.Саресенова